

"Достық" оқу-спорт кешені" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 3 шілде N 997

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің "Достық" оқу-спорт кешені" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны қайта құру жолымен мемлекеттің 100 пайыздық қатысуымен "Достық" спорт кешені" ашық акционерлік қоғамына (бұдан әрі - "Достық" СК" ААҚ) қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) жарғысын бекіту кезінде "Достық" СК" ААҚ қызметінің негізгі нысанасын Қазақстан Республикасында спортты дамытуға, халықаралық жарыстар мен ел чемпионаттарын өткізуге қатысу деп белгілесін;

2) әділет органдарында "Достық" СК" ААҚ-ның мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

3) "Достық" СК" ААҚ-ның жарғылық капиталына Алматы қаласы, Абай даңғылы, 48 мекен-жайы бойынша ғимаратты берсін;

4) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестердің тізбесіндегі:

"Алматы қ." бөлімі мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 123-7-жолмен толықтырылсын:

"123-7 "Достық" спорт кешені" ААҚ";

2) "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысына:

Иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және

қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесіндегі:
"Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі" бөлімі
мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 228-1-жолмен толықтырылсын:
"228-1 "Достық" спорт кешені" ААҚ";
3) < * >

Ескерту. 3-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.29.
N 1130 қаулысымен .

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК